

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының»"Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 55 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2007 жылғы 30 қарашадағы N 255 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 26 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5066 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 385 Қаулысымен (04.02.2012 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қаржы рыногының және қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі -Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 55 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4139 тіркелген) , Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 55 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" 2006 жылғы 12 тамыздағы N 159 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4400 тіркелген, 2006 жылғы 24 қазанда "Заң газеті" газетінде N 187 (993) жарияланған), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 55 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" 2007 жылғы 25 маусымдағы N 186 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4818 тіркелген) қаулысымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бірге мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың бірінші абзацы:

"ұзақ мерзімді рейтингісіне", "тәуелсіз рейтингтен" деген сөздердің алдында " шетел валютасындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

"рейтингтен" деген сөздің алдында "осы қаулының қосымшасында көрсетілген" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың үшінші абзацында "BB-"-ден төмен емес" деген сөздер "Standart & Poors" рейтинг агенттігінің "BB-"-ден төмен емес шетел валютасындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген, құрылу тарихы туралы мәліметтерді, рейтинг бағалауын тағайындау критерийлерін және әдістемесін, олар көрсететін қызметтер тізбесін көрсететін веб-сайтқа иеленген, сондай-ақ рейтинг қызметі үш жылдан кем емес жүзеге асыратын және мерзімдік рейтинг агенттіктердің қызметтеріне шолу жасау бойынша мамандырылған "Interactive Data Credit Ratings-International" басылымына енгізілген Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғаларға рейтингтер беретін рейтинг агенттіктерінің мынадай тізбесі белгіленсін:";

осы қаулының қосымшасына сәйкес қосымшасымен толықтырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (Г.А. Ділімбетова)

1) Заң департаментімен (Н.В.Сәрсенова) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Агенттіктің Төраға қызметі осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2007 жылғы
30 қараша N 255 қаулысына

Қосымша

"Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2006 жылғы
25 ақпандағы N 55 қаулысына

Қосымша

Рейтингтердің салыстырмалы кестесі

N	Standard and Poors	Moody's Investors Service	Fitch	Dominion Bond Rating Service (DBRS)	Japan Credit Rating Agency (JCP)	Rating and Investment Information (R&I)	Capital Intelligence
1	AAA	Aaa	AAA	AAA	AAA	AAA	AAA
2	AA+	Aa1	AA+	AA _H	AA+	AA+	AA+
3	AA	Aa2	AA	AA	AA	AA	AA
4	AA-	Aa3	AA-	AA _L	AA-	AA-	AA-
5	A+	A1	AA+	A _H	A+	A+	A+

6	A	A2	A	A	A	A	A
7	A-	A3	A-	A _L	A-	A-	A-
8	BBB+	Baa1	BBB+	BBB _H	BBB+	BBB+	BBB+
9	BBB	Baa2	BBB	BBB	BBB	BBB	BBB
10	BBB-	Baa3	BBB-	BBB _L	BBB-	BBB-	BBB-
11	BB+	Ba1	BB+	BB _H	BB+	BB+	BB+
12	BB	Ba2	BB	BB	BB	BB	BB
13	BB-	Ba3	BB-	BB _L	BB-	BB-	BB-

"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК